

Г. Байназарова

АҚПАРАТТАРДЫ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІГІ

Интеллектуалды талдаудың әрқайсымызға таныс көрінетінін атап өткім келеді, ал кейбіреулер оны өте жай түсінік деп есептейді.

Мұндай ойлардың қалыптасу себебі, күн сайын біз түсініп немесе түсінбей кең көлемде әртүрлі шешім қабылдаймыз, яғни біз талдаудың қызметін атқарып және ақпаратты өңдейміз. Егер мәселе өте маңызды қатысты және өте мәнді немесе құнды болса, шешім қабылдау айтарлықтай қиынға түседі. Осындай жағдайларда талдау әдісіне сүйеніп, тек кәсіби қызметте ғана емес өмірлік жағдайларда да тиімді. Одан басқа бұл процесс әрдайым үздіксіз даму негізінде болды және ары қарай дамуда. Әлеуметтік мәдени факторлардың өзгерісін жаңа техникалық жетістіктерге жете отырып ұйымдастыру қажеттігін өзгерту, талдаушылардың барлық шеберлігінің өсуін көрсетеді.

Қылмыспен күресуде дер кезінде ақпарат алу және оны сауатты талдау ерекше маңызға ие. Қылмыстың алдын алу үшін ең жаңа әрі нақты және толық ақпаратты иемденіп, сонымен қатар тұлғаның қалауымен мүмкіншілігі мен ойын білген дұрыс.

Талдау процесіне сапалы қатынас қажет екендігін көрсету қажет. Ақпаратты бақылап жетілдіру және бағалау үшін ақпараттарды басқара білу керек.

Талдау - бұл затты ойша пішіндеу құбылысы заттың (заттардың) ерекшелігі немесе заттар арасындағы бөлікке қатынасы. Ақпаратты түсінуге ыңғайлы түрге келтіру, яғни толықтыру мен қосымшалар оның құндылығын жоғарылататын талдау мәлімет деп аталады. Осылайша, барлық алғашқы «шикі» мәлімет талдау процесінде өңдеуге ұшырайды, яғни тазаландыру салдарынан ақпараттық мәлімет өңделген күйінде біз үшін ерекше мағына беріп, тиімді шешім қабылдауға ықпал етеді. Осы секілді қалыптасулар талдау арқылы жүзеге асады, осы процесте ақпараттар компоненттерге бөлінеді, ары қарай мағына мен мәні тарайды, содан соң біріктіріліп, түсініктемелер жиналып, ұсынылуы бойынша шешім қабылдайтын қызметкерлерге беріледі. Содан кейін оның негізінде шешім қабылданып, талдаулық мәлімет жөнінде сұрақ туындайды. Алғашқы қабылданған шешімге байланысты соңғы қабылданған шешімнің маңыздылығы бағынышты.

Кез - келген талдаулық қызмет қандай да бір мақсатты жүзеге асырады, ол үшін керекті ақпарат бір тұлғамен алынып, алынған ақпарат өңдеуге түседі. Ол келесідегі үлгіде ұсынылады: ақпараттың дерек көзі, ақпарат, қолданушы, қабылданған шешім. Бұл шешім қабылдаудың классикалық әдісі, осыдан барып талдаулық жұмыстың тарихы басталады. Дерек көздерден ақпарат тұтынушыға жеткізілгеннен кейін, талдау қызметін тұтынушы жүргізеді. Мұнда бірнеше қолайсыз сәттер туындайды. Ақпараттарды жинауға, алуға және тұтынушыға жеткізуге көп уақыт жұмсалады, оның себебі жаңа транспорттық және телекоммунациялық құралдар тапшылығы болып табылады. Жинақталған ақпараттың сапасы адамның жеке мәліметіне тәуелді. Жинақталған ақпараттың көлемі оны алуға жұмсалған материалдық құралдары мен уақытына сәйкес келеді.

Бұл классикалық әдіс зерттеліп жатқан материалдық көлемі көп емес болғанда және оған жеткілікті уақыт болғанда қолданады. Ғылыми- техникалық жетістіктер мен жаңа байланыс құралдарының арқасында: телеграф, телефон, компьютерлік жүйе нақты айтатын болсақ, интернет дер уақытта пайда болды: тез арада алыс қашықтықтарға хабарлар (хаттар) жолдауға, сонымен қатар оны тиімді қолдануға болады. Бұл мүмкіндіктер ақпараттар негізінде тұтынушыға ахуалдың өзгеру жағдайында, жедел қалыптасуына ықпал етіп, тиісті шешім қабылдауға себеп болады.

Жағдайының өзгеруіне әкеліп, тұтынушы жедел әсер ету мүмкіншілігі пайда болып, алынған ақпаратқа негізделіп, қажетті шешім қабылданады. Сонымен қатар, мәліметті жоғалту мүмкіндігі азайып, ақпараттың сапасы артады. Ақпаратты жинайтын қызметкерлерге, нақты айтатын болсақ, оны жеткізу уақытының азаюына байланысты, ақпарат іздеуге уақыт көбірек бөлінеді. Осы өзгерістен жаңа мәселелер туындайды. Уақыттың тез азаюына байланысты жинақталған ақпараттың көлемі ұлғая түседі. Ақпарат көлемнің артуы салдарынан, ақпаратты жинауға бақылау процесі қиындайды. Мұнда шешім қабылдауды тездету сұранысы жоғарылайды. Егер бұрын негізгі мәселе ақпараттың дерек көздерден тұтынушыға келіп түсу жылдамдығының төмендігінде болса, ол ахуалды ақпараттың үлкен көлемде келуін игеру маңызды сұраққа айналды, осының салдарынан ақпаратқа қатысты қабылданатын шешімдерінің жеделдігіне кері әсерін тигізеді.

Талдау – бұл зерттеу процесі. Кез - келген зерттеу процесі барысында ақпараттың көп көлемі жиналады: сұрақ қаншалықты кең қойылса, соншалықты ақпарат та көп, зерттеушіге ақпаратпен жұмыс жасауға тура келеді. Мәліметтің көлемін жақсы сақтау ұйымдастырылса да, қандай да бір кедергі бар, алайда, талдауда барлық ақпараттың мағынасы біртұтас ретінде қабылданылмайды.

Сонымен қатар, ақпаратты тұтастай қабылдау шешімге келу үшін өте маңызды. Барлық ақпараттың бір бөлігін толық түсіну зерттеушінің, зерттеліп жатқан жағдайдың мәнінің тек бөлшегін ғана өзіне елестетеді. Бөлшектеп ұғыну – түсінбегенмен бірдей, ал түсінбеу теріс шешім қабылдауға әкеп соқтырады. Мұндай ахуалдан шығу- логикалық тұрғыда «еңбекті бөлу» қағидасы бойынша ақпаратты өңдеу мен талдау қызметінің ерекше түріне, яғни мұнымен айналысатын арнайы қызметкердің болуы қажет. Осылайша ортаңғы буын аналитик функциясын қабылдау мен сақтауды қамтамасыз етіп, ақпаратты талдау мен бағалау және түсіндіру мақсатында, ондағы қамтамасыз етілген мәнді алдымен тұтынушыға жіберілмес бұрын жүзеге асырылады. Ол келесідей үлгіде ұсынылады: дерек көз, ақпарат, аналитик, аналитикалық мәліметтер, тұтынушы, қабылданған шешім.

Жұмыс барысында аналитик келесі кезеңнен өтуі тиіс.

1. Ақпаратты жинау.
2. Түсіну, ұғыну.
3. Ақпараттың объектімен байланысы болу.
4. Ақпаратты алу мен сұрау жүргізудің арасындағы мәнді сәйкестіктің байланысын анықтау.
5. Ақпаратқа талдау жасау.
6. Қорытындыны сәйкес түрде рәсімдеу.
7. Тұтынушыға жеткізу.

Мұндай жағдай жалғыз ерекшелікті иеленеді. Ақпарат қаншалықты көп болса, соншалықты оны талдау мен одан кейінгі шешім қабылдауда тиімді. Бұл аналитик жұмысына сенім тудырып, сонымен қатар жұмыс көлемінің өсуінің салдарынан мұндай мамандардың қажеттігі артады. Басқаша айтар болсақ, жоғары мамандандырылған аналитик өз жетістігінің кепілі.

The article is considered the problems concerning analysis of information of crimes and criminality.

В статье рассматривается вопросы касающаяся информации о преступлениях и преступности.